



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№28 (1852)  
27 тамыз  
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Ата Заң – мызғымас мемлекеттіміздің айғағы



**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттер, магистрант, докторанттар!**

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заңымыз – мызғымас мемлекеттіміздің айғағы, өркениетті дамуымыз бен кемел келешегіміздің кепілі.

Конституция талаптарының орындалуы – мемлекет дамуы мен азаматтық келісімнің негізі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Конституция күнімен құттықтай келе: «Биыл бұл мейрам айрықша саяси мәнге ие болып отыр. Ата Заңға өзгерістер енгізу жөніндегі жалпыұлттық референдумның нәтижесі халқымыздың бірлігін және елімізді жан-жақты жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалардың барынша қолдау тапқанын көрсетті», – деп атап өтті.

Елімізде тұрақтылық болып, халқымыздың ынтымағы мен бірлігі арта берсін!

Шаңырақтарыңызға құт-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

**Құрметпен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

## Кемел келешек кілті – білімде

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттер, магистрант, докторанттар!**

Сіздерді 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасы бүгін де маңызын жойған жоқ. Сондықтан білім беру саласына артылар жауапкершілік өте зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылым академиясында өткен мерейтойлық мәжілісте сөйлеген сөзінде: «Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Білім беру жүйесін жеке ғылыми орталықтармен және олардың әлеуетіне қарай технопарктермен біріктіру мықты зерттеу университеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деп атап өткен болатын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарып, межелі белестерді бағындырып келеді. Биыл жоғары оқу орнымыз QS WUR әлемдік рейтингінде 150-орынға көтерілді. Мемлекет басшысының ғылымды дамы-



туға қатысты тапсырмасын тиімді іске асыру мақсатында жақында Үкімет қаулысымен жоғары оқу орнымызға зерттеу университеті мәртебесі берілді. Бұл көшбасшы университетіміз үшін биік дәреже әрі үлкен жауапкершілік.

Қазіргі уақытта мемлекетіміз жаңа Қазақстан құру жолында үлкен өзгерістерге қадам басуда. Білім, ғылым саласына заманға сай жаңа талаптар қойылууда. Кемел келешек кілті білімде екенін әрбір жас бұлжымас қағида ретінде қабылдауы тиіс. Өйткені жаңарған қоғамды қалыптастыратын озық білімді игерген, бәсекеге қабілетті мамандар. Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2022/23 оқу жылына студенттерді қабылдауға дайын. Оқу корпустары мен жатақханалар күрделі жөндеуден өтіп, жаңа жиһаздармен, заманауи құралдармен жабдықталған. ҚазҰУ қалашығында 6000 орындық 15

жатақхана және Жас ғалымдар үйі бар. Бұған қоса, мұқтаж студенттерге қосымша 1000 орындық бір жатақхана және 300 орындық 10 хостел пайдалануға берілді. Қазіргі таңда №5, №10 жатақханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 10 қыркүйекте дайын болады. Жатақханаға орналасуда бірінші кезекте 1-курс студенттерін толық қамтамасыз етеміз.

Кампус аумағында «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Әл-Фараби кітапханасы, Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, жеке кинотеатр, спорт кешендері бар. Студенттер игілігі үшін жаңадан заманауи дәмханалар, ғаламтор-кафе, дүкендер, көшірме орталықтары арнайы іске қосылды.

Біздің басты мақсатымыз – жастарға сапалы білім беру, білікті ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін білікті мамандарды тәрбиелеу.

Алдымыздағы 2024 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толады. Осы мерейлі белеске жаңа жетістіктермен жетейік.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Жаңа оқу жылы табысты болсын!

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры**

## Жоғары білімнің даму сценарийі жасалады

«Қазақстандағы ғылым және жоғары білім» бірінші форумы аясында «Адами капитал – жаңа Қазақстан дамуының негізгі ресурсы» атты форсайт-сессия өтті. Бұл шараға жоғары оқу орындарының басшылары, топ-менеджерлер, жұмыс берушілер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, оқытушылар, жас ғалымдар мен студенттер қатысты.

Форумға қатысушыларға «Жаңа кәсіптер атласын» әзірлеу кезінде қолданған «форсайт» технологиясы таныстырылды. Форсайт – болашақты болжауға, ертең не болатынын бүгін көруге, сондай-ақ болашақ сценарийлерін сарапшылар тобының талқылауына мүмкіндік береді. Форсайттың арқасында алдағы 5-20 жылда болатын көріністерді қалыптастыруға болады.

«Жақын арада біз ғалымдармен, оқытушылармен, жұмыс берушілермен бірлесіп отандық ғылым мен жоғары білімнің даму сценарийлерін құруды жоспарлап отырмыз. Жоғары білім мен

ғылым саласы дербестендірілген және әрбір студентке, оқытушыға, ғалымға бағдарлануы керек. Әрбір ЖОО-да білім алушылардың, қызметкерлердің талаптарына жауап беретін бірегей экожүйе құрылуы тиіс. Ғалымды, студентті толғандыратын мүдделерді, мәселелерді түсіну, яғни олардың сұраныстары мен нарық сұраныстарына назар аудару жоғары білім беру жүйесін жаңа сапалы деңгейге көтеруге көмектеседі», – деді өз сөзінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

**Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ**



**Ата Заң жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепілі**

2 >>



**Екінші республика және конституциялық даму**

5 >>



**Наш профессор из Парижа**

6 >>



## Ата Заң жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепілі



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстанның Конституциясы: тарихы және жаңа саяси болмысы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**



Шараға ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Өзбекстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Мырза-Ұлықбек Әбдусаломов, Қырғыз Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Эмиль Осмонбаев, Тәжікстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Абдулхафиз Ашурзода, Армения Республикасы Ұлттық жиналысының Мемлекеттік-құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Владимир Варданыян, Грузия Конституциялық сотының экс-төрағасы Георгий Папуашвили, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Жиында Қайрат Мәми сөз сөйлеп, жиналғандарды Конституция күнімен құттықтады. Сонымен қатар өз сөзінде ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы бүгінгі конференцияның маңызына тоқталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ата Заңның мемлекеттік құрылым мен саяси басқарудағы маңызды рөліне тоқталды.

«Ағымдағы жылдың 5 маусым күні Қазақстан Республикасы Конституциясына бүкілхалықтық референдум арқылы мемлекетіміздің саяси дамуының түбегейлі жаңа векторын айқындап берген іргелі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл ретте 1995 жылғы Конституцияның негізіне алынған демократиялық және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар сабақтастығы қағидаттарының сақталғанын айта кету қажет», – деп атап өтті университет ректоры.

Конференция барысында көршілес елдерден арнайы келген құрметті меймандар сөз сөйлеп, қазақстандықтарды айтулы мерекемен құттықтады.

«Егемендігін алғаннан кейін



«Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы біз экономикалық өсімге және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткізіп, елімізде тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қалыптастырдық. Конституция – азаматтардың құқығы мен бостандығын, қуатты мемлекетіміздің егемендігі мен бүтіндігін сақтайтын темірқазық. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында Конституция күніне арналған шаралар ұйымдастырылды. Оған Орталық Азия, Армения, Грузия, Молдова елдерінен әріптестеріміз келіп, пікір алмастық. Аталған шаралар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғасын табууда. Бүгінгі конференцияның маңыздылығы жоғары», – деді Қайрат Мәми.

Қазақстан өзінің тарихи таңдауын жасап, Ата Заңды қабылдады. Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын! Рухтарыңыз асқақ, келешекке деген сенімдеріңіз айқын, жігерлеріңіз қайратты, әрбір бастамаларыңыз ел игілігі үшін жемісті болсын!» – деді Мырза-Ұлықбек Әбдусаломов.

Конференция соңында Жансейіт Түймебаев Өзбекстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Мырза-Ұлықбек Әбдусаломовқа, Қырғыз Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Эмиль Осмонбаевқа, Тәжікстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Абдулхафиз Ашурзодаға «Әл-Фараби» алтын медалін табыстады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

## Студенттерге бағдар беру апталығы өтті

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1-курс студенттеріне арналған бағдар беру апталығы өтті.**

Университет табалдырығын жаңа аттаған білім алушылар өз факультеттері, жатақхана және факультет басшылары, кураторларымен танысуда. Оларға жатақханаға орналасу барысы түсіндіріліп, студенттердің медициналық тексеруден өтуі жайлы ақпарат берілуде.

Әр күні студенттік декан, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жетекшілері және белсенді студенттермен кездесулер ұйымдастырылуда. Жүзделуде жастарға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың академиялық саясаты, Студенттердің ар-намыс кодексі және студент туралы ішкі ережелер түсіндірілуде.

«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында студенттерге 1-курсқа қажетті



барлық рәсімдер мен тіркелу түсіндіріледі:

- Шәкіртақы алу үшін банк карталарын қайдан алуға болады және ол үшін не қажет?

- Жатақханаға орналасу үшін медициналық тексеруден өту керек.

- Уақытша тұруға рұқсатты қалай алуға болады?

- Университеттің уақытша әскери тіркеуіне қалай тұруға болады және т.б.

Сондай-ақ @ssc\_keremet әлеуметтік желісінде арнайы нұсқаулықтармен танысуға болады.

Бағыт-бағдар беру апталығы 31 тамызға дейін

жалғасады. Алда 1-курс студенттерін жаңа ортаға тезірек бейімделуге көмектесетін көпбасшылық дәрістер мен қызықты семинарлар, ҚазҰУ қалашығына саяхат күтуде. Сондай-ақ апталық аясында қатысушыларға жалпыуниверситеттік әлеуметтік жобалар кеңінен таныстырылып, «Univer» жүйесін, Moodle, MSTeams, ZOOM бағдарламаларын қолдану, электронды кітапханамен жұмыс істеу бойынша сабақтар да өткізілмек.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

## Шетелдік талапкерлер ҚазҰУ-ға қалай оқуға түседі?

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына шетелдік талапкерлерді қабылдайды. Құжат қабылдау оқу орнында онлайн және офлайн форматта жүзеге асырылады.**

«Бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша онлайн тіркелу жыл бойы ашық. Бұл өтініш беруді жеңілдетеді және қаржылай жағынан да айтарлықтай тиімді. Себебі өтініш беру үшін Қазақстанға келу міндетті емес. Тіркеу кезеңінен кейін кіріспе сынақтарынан да онлайн режимде өтуге болады», – дейді қабылдау бөлімінің мамандары.

Университетке түсу үшін шетел азаматтары kaznu.kz ([https://univer.kaznu.kz/abiturient\\_user/register/11](https://univer.kaznu.kz/abiturient_user/register/11)) порталына тіркелуі қажет. Ары қарай жеке кабинеттің «Online Registration» бөлімінде онлайн-сауалнамадан өту ұсынылады. Сонымен қатар шетелдік



талапкер құжаттарды тіркеп, сауалнаманы толтырып, мамандықты таңдау қажет. Өз елінде сәтті өткен мемлекеттік емтихандардың нәтижелерін JPEG форматында тіркеу және сұхбаттасудан өту талап етіледі.

Құжаттар тексеріліп, сұхбаттасу сәтті өткеннен кейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқуға арналған келісімшарт ресімделеді. Ол оқудың барлық кезеңіне жасалады. Ал оқуға қабылдау туралы бұйрық шарт жасалып, оқу ақысы толық төленген соң шығарылады. Бұдан әрі визалық, сонымен қатар медициналық сақтандыруды ресімдеу жүзеге асады.

Оқуға қабылдау туралы бұйрықты алған шетелдік

азамат Қазақстанға келген соң, екі күн ішінде ҚазҰУ-дың Интернационалдан-дыру және рекрутинг кеңсесінен тіркеуден өтуі және барлық қажетті құжаттарды өткізуі тиіс.

ҚазҰУ-ға оқуға түсу барысы жайлы толық ақпаратты төмендегі байланыс жолдары арқылы алуға болады:

What's App, Telegram, WeChat +7 775 911 47 63;

Сайт: <https://welcome.kaznu.kz/ru/welcome/foreign>

E-mail: [international@kaznu.kz](mailto:international@kaznu.kz)

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстамбұл және Бішкек қалаларындағы филиалы өз жұмысын бастады. Бүгінде қос филиалдың жұмыс үдерісі қарқынды жүруде. Филиалдардың ашылуы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыруды, оқытушылар мен студенттер алмасуды, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздейді. Бұл ҚазҰУ мен қос ел университеттері арасындағы екіжақты қарым-қатынасты дамытудағы соны қадам.

## Үниверситеттің шетелдегі филиалдары жұмысын бастады

Ыстамбұлдағы ҚазҰУ филиалы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. Филиал базасында қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары, ғылыми жобалар мен сараптамалық-талдау бағытындағы зерттеулер жүзеге асырылады. Ыстамбұлдағы ҚазҰУ филиалында магистратура және докторантура бойынша 17 білім беру бағдарламасы іске асырылады. Атап айтқанда: халықаралық құқық, бизнес, менеджмент, бухгалтерлік есеп және аудит, БАҚ және коммуникация, электрондық коммерция, экономика, халықаралық қатынастар, денсаулық сақтау қызметі, қаржы, бизнесті басқару және маркетинг, исламдық қаржыландыру, басқару, дене шынықтыру және спорт, денсаулық сақтауды басқару, қазақ тілі курсы, халықпен қарым-қатынас. Аталмыш филиалға 2022/23 оқу жылына 500 талапкер қабылдау жоспарланып отыр.

Бішкек қаласындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалының оқу ғимараты жаратылыстану-ғылыми бағыт бойынша заманауи үлгідегі аудиториялар және зертханалармен жабдықталған. Оқу бағдарламасы қазақ, орыс және ағылшын



тілінде жүргізіледі. Бакалавриат бойынша 12 білім беру бағдарламасы іске асырылады. Олар: цифрлық экономика, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, құқықтану, шетел филологиясы (шығыс тілдері), биотехнология, ақпараттық жүйелер, органикалық заттардың химиялық технологиясы, математикалық және компьютерлік модельдеу, шетел филологиясы (батыс тілдері), туризм. Ал магистратура бойынша тоғыз білім беру бағдарламасы жүзеге аспақ. Атап айтқанда: биотехнология, туризм, халықаралық қатынастар, халықаралық журналистика, дүниежүзілік экономика, экономика, құқықтану, ақпараттық жүйе-

лер, математикалық және компьютерлік модельдеу. Қорытынды аттестаттаудан сәтті өтіп, білім беру бағдарламасын толық меңгерген түлектерге «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ дипломы беріледі. Бішкек қаласындағы ҚазҰУ филиалына 2022/23 оқу жылына 300 талапкер қабылдау жоспарланып отыр. Қазіргі таңда ҚазҰУ филиалдарына талапкерлер қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Оқуға түсуге басқа да шет мемлекеттерден студенттер ұсыныс жасап жатыр. Сонымен қатар аталмыш филиалдарға оқуға түсуге ниет білдірген 10 дарынды жасқа ҚазҰУ дәстүрлі түрде грант бөліп отырады.

Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

## МИФИ есігі талапкерлерге ашық

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ (Мәскеу инженерлік-физикалық институты) ҰЯЗУ филиалы ашылып, қазіргі таңда қабылдау комиссиясы оқуға құжат қабылдауда. Бұл қазақстандық жастар үшін әлемнің үздік университеттерінің бірі саналатын МИФИ ҰЯЗУ мамандығын игеруге берілген таптырмас мүмкіндік.



МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университеті филиалының бірегей білім беру бағдарламалары болашақ мамандықтарға бағдарланған және инженерлік білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

Биыл МИФИ ҰЯЗУ-ға қабылдау «Бастауыш бөлшектер физикасы және космофизика» («ядролық физика» бағыты, бакалавриат), «Қорғалған жоғары өнімді есептеу жүйелері» («IT», бакалавриат және магистратура) бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

«Бастауыш бөлшектер физикасы және космофизика» білім беру бағдарламасы базалық білімі бар студенттерді ядролық физика, элементар бөлшектер, ғарыш физикасы және ғылыми-зерттеу негізінде төмендегі салалар бойынша даярлайды:

- ядролық-физикалық қондырғылар мен детекторлық технологиялар;
- ядро және бөлшектер физикасы бойынша эксперименттерді орнату әдістемелерін әзірлеу;
- бөлшектер мен космофизика бойынша физиканың іргелі мәселелерін шешу;
- эксперименттік деректер және оларды түсіндіру жөнінде үлкен көлемді статистикалық талдау.

Білім алушылар білім, дағды және

құзыреттіліктің қолдану аясында ядро және бөлшектер физикасы, астрофизикалық эксперименттер, детекторларды жасау және пайдалану, бөлшектер мен сәулеленулер салалары бойынша маман атанып, әлемдік нарыққа қатысуға қабілетті болмақ. Төрт жылдық оқу шеңберінде студенттер статистикалық өңдеуді қоса алғанда, тәжірибелік талдау дағдыларын жетік игеріп шығады.

Ал «Қорғалған жоғары өнімді есептеу жүйелері» білім беру бағдарламасының негізгі міндеті – ақпараттық технология негіздерін жете меңгерген жоғары білікті мамандарды даярлау. Оқу-тәрбие процесінің басты ерекшелігі – физика-математикалық және инженерлік пәндердің өзара үйлесуінде. Үшінші курстан бастап студенттер әскери-өнеркәсіптік және отын-энергетикасының жетекші ұйымдарында, ірі IT және қаржы компанияларында, стартаптар немесе институтпен келісілген басқа да ұйымдарда тағылымдамадан өте алады. Биыл оқуға түсушілерге 100 грант бөлінді, сондай-ақ ақылы оқуға түсуге мүмкіндік бар.

ҚазҰУ базасында орналасқан МИФИ филиалында елден шықпай-ақ, әлемнің түрлі елдеріндегі МИФИ жетекші профессорларынан білім алуға болады. Ресейлік үлгідегі МИФИ ҰЯЗУ бакалавры мен магистрының дипломдары әлемнің барлық елінде бағаланады.

# Білім беру бағдарламасы жаңартылды

**Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 2022/23 оқу жылында орта мектепті бітіруші 3338 талапкер мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері атанып, Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық комиссия өз жұмысын аяқтады. Мемлекеттік білім беру гранттары иегерлерінің ішінде 672 – «Алтын белгі», 81 – «Елбасы медалі», 619 – үздік оқушы, 12 – ғылыми жоба бойынша, 13 – олимпиада жүлдегерлері бар.

Үниверситетімізде жалпы 542 білім беру бағдарламасы: 124 – бакалавриат, 276 – магистратура, 142 – докторантура, 5 – бірлескен білім беру бағдарламалары және 68 – қосдипломды білім беру бағдарламалары бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылыми-

зерттеу университеті мәртебесін алуына байланысты жаңа оқу жылында 222 білім беру бағдарламасы жаңартылды. Оның ішінде бакалавриат бойынша – 103, магистратура бойынша – 117, докторантура бойынша – 2. Ал оқу ордасында жаңадан ашылған білім беру бағдарламаларының мақсат-мүддесі төмендегідей:

**1. Қолданбалы қазақ тілі білімі** – қазақ тілінің қолданбалы аспектілерін меңгерген филолог; қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өміршеңдігін, қызметін талдап-сараптаушы; білім беру мекемелерінде және мемлекеттік тіл орталықтарында үйлестіруші; копирайтер, спичрайтер; сандық технологияларды қолдану құзыреттеріне ие жоғары білікті маман даярлау.



**2. Өндірістің химиялық сараптамасы және аналитикалық бақылауы** – химиялық сараптама және сапаны бақылау саласындағы бакалаврларды химиялық және басқа да аралас салалардағы өнімдер өндірісі, аналитикалық, экологиялық, сертификаттау қызметтерінің ғылыми-зерттеу және өндірістік зертханалары үшін даярлау.

**3. Орыс тілі шет тілі ретінде** – шет тілі ретінде орыс тілі саласында кәсіби қызметті жүзеге асыруға және көпмәдениетті ортада мәдениетаралық комму-

никация, ұлтаралық тілдік қарым-қатынас, сөйлеу этикеті саласында жобалар әзірлеуге мүмкіндік беретін және жоғары академиялық стандарттарға сәйкес білім беру қызметтерін экспорттауға қабілетті қазіргі заманғы, пәндік, мәдениетаралық-коммуникативтік, цифрлық, зерттеу құзыреттіліктеріне ие жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

**4. Түркі филологиясы** – мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары, түркі мемлекеттерінің елшіліктері, жоғары

оқу орындары, ғылыми-өндірістік ұйымдар мен бірлестіктер, республикалық және аймақтық түркітану орталықтары, мемлекеттік органдар мен мүдделі министрліктер үшін түркітану саласындағы ғылыми-білімдік бағыттағы кәсіби кадрларды сапалы даярлау.

**5. Денсаулық сақтаудағы сапаны басқару** – бағдарламаның мақсаты медициналық қызметтердің сапасын басқару саласында білікті мамандарды даярлау, кәсіби теориялық білімі және практикалық дағдыларын игерген, халықтың денсаулығын жақсарту үшін қазіргі заманауи менеджменттің инновациялық бағыттарын ілгерілетуге қабілетті.

**6. Педиатрия** – практикалық денсаулық сақтау саласында озық инновациялық технологияларды қолдануға және балалар денсаулығын нығайтуға қабілетті жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педиатр-дәрігерлерді даярлау.

Гүлмира ӘМІРБЕКОВА,  
Білім беру бағдарламаларын  
жобалау офисінің басшысы



# Роль Конституции в развитии суверенного Казахстана

**Основные идеи развития Республики Казахстан как суверенного государства закрепились в Конституции. Действующий Основной закон был принят на всенародном референдуме. Текст Конституции состоит из 9-ти разделов. Всего в главном законе страны – 98 статей. Конституция Казахстана основана на принципах демократии. Как известно, термин демократия означает власть народа. В Конституции ясно и четко закреплено, что единственным источником власти является народ.**



в 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 и 2022 годах. Обратимся к мировому опыту. В развитых странах основной закон также подвергается изменениям и дополнениям. Как известно, первая в истории человечества Конституция в современном понимании была принята в США 17 сентября 1787 г. Всего в Конституцию США было внесено 27 поправок, в том числе десять поправок, составляющие Билль о правах. Содержание статей Конституции дополнялось федеральным законодательством и решениями Верховного суда. В отличие от конституций многих других стран содержащиеся в поправке к Конституции США изменения не вносятся в основной текст. Поэтому положения Конституции США, которые изменяются

или отменяются поправкой, остаются в тексте, хотя и утрачивают силу. Данная практика имеет свои позитивные стороны. Это особо значимо при изучении текста Конституции с научной точки зрения.

Обратимся к вопросу о том, что же должно оставаться неизменным при принятии поправок в конституцию? Любая конституция направлена в будущее. Срок жизни Конституции должен быть достаточно долгим. Но это не означает, что нельзя изменять или дополнять Конституцию. Что касается нашей Конституции, то в ней есть нормы, которые не будут подвергаться изменениям, так как эти положения полностью отвечают интересам общества в целом. Это нормы, касающиеся стремления государства к

прогрессивному развитию, положения о миролюбивом характере нашего государства, положения о межнациональном согласии и межконфессиональных отношениях, нормы относительно прав человека и др. Все эти идеи получили отражение в преамбуле Конституции. Вместе с тем возможны изменения и дополнения норм, касающихся формирования и деятельности высших органов власти и управления.

Хотелось бы обратиться к высказываниям Президента РК К. Токаева: «Конституция создала прочный правовой базис нашей независимости. Высшими ценностями государства были провозглашены человек, его жизнь, права и свободы. В этом документе получили свое закрепление принципы территориальной целостности страны, общественного согласия, политической стабильности, верховенства права и демократии. Были определены правовые, политические и социально-экономические предпосылки формирования новой казахстанской государственности». Таким образом, в настоящее время основу развития нашего государства составляют идеи и положения, заложенные в основном законе страны.

**Алуа ИБРАЕВА,**  
д.ю.н., профессор

## Конституция – отражение закономерностей развития общества

**В преддверии 27 годовщины принятия Конституции Республики Казахстан 1995 года хочется поразмышлять о роли Основного закона в жизни своей страны. Конституция потому есть наш Основной закон, что он является высшим отражением закономерностей развития казахстанского общества.**



основу нашей Конституции: «Никакая свобода не означает анархию. Свобода в условиях государственной жизни может быть только в рамках закона».

Обращение Президента Казахстана К.К.Токаева с посланием к народу Казахстана в марте текущего года, в котором Глава государства обозначил ключевые ориентиры политического и экономического развития страны, которые будут выражаться в проведении политических реформ, вырабатываемых с учетом мнения компетентных экспертов и обществу, явились логическим продолжением конституционных реформ. Проведенный всенародный референдум в Казахстане 5 июня 2022 года свидетельствует о том, что большинство казахстанских граждан проголосовали за предложенные конституционные поправки, которые ускорят проведение таких преобразований и будут содействовать последовательной демократизации, которая обеспечит устойчивость и управляемость государства.

Казахстанская система органов государственной власти строится на определенных принципах, которые в совокупности позволяют государственному механизму осуществлять свои функции.

Помимо принципа суверен-

итета, важнейшими являются:

- принцип единства системы государственных органов;
- принцип разделения властей.

Эффективная власть невозможна без их сотрудничества.

Что касается организационно-правового потенциала принципа разделения властей, то следует отметить, что его реализация предполагает создание и развитие государственных учреждений, относящихся к различным властям и составляющих вместе с тем единый комплекс осуществления государственной власти.

Упорядоченность, согласованность и стабильность в развитии права, повышение его эффективности обусловлено тем,

что разделение властей тесно связано с формированием правовой системы, в которой, с одной стороны, выделяются определенные группы юридических норм, а с другой, устанавливается иерархия их отношений с использованием механизма сдержек и противовесов.

При этом единство системы государственных органов РК проявляется в разграничении предметов ведения и полномочий между органами государственной власти РК. Оно проявляется и в том, что все органы этой системы действуют совместно, находятся во взаимосвязи, взаимодействии и взаимозависимости. В этих рамках:

- одни органы этой системы

избираются, или назначаются другими органами, одни из них руководят другими, одни подконтрольны, или подотчетны другим.

Между всеми органами государственной власти существует организационно-правовая связь. Каждая из названных систем является носителем соответствующей государственной власти – законодательной, исполнительной и судебной. Распределение власти, таким образом, является структурообразующим и функциональным принципом рациональной организации и контроля. Размежевание направлено на то, чтобы удержать государственную власть от возможных злоупотреблений.

Бесспорно, все органы и ветви государственных властей призваны быть хранителями Основного закона страны. Именно, Конституция должна стоять над этими властями, а не власти над Конституцией. Распределение власти выражается в распределении компетенций, во взаимном контроле, в системе противовесов, сбалансированности, то есть равновесие достигается путем их взаимосодействия. Таким образом, распределение властей служит средством сдерживания власти государства в рамках принципов развитого общества, служит механизмом защиты прав человека, закрепленного в Конституции государства, утверждающего себя правовым и демократическим.

**Нажия КАЛИШЕВА,**  
д.ю.н., профессор кафедры  
Теории и истории  
конституционного и  
административного права



**Конституция – бастауы римдік жазба құқық дәстүрі аясында қалыптасқан, өзегі адам құқығын құндылық санайтын ағартушылық кезең әкелген шарттық мәдениет. Мемлекет пен оның азаматтары арасындағы ортақ келісім. XXI ғасырдағы әлемдік конституциялық үрдістің дамуы үш бағытта айрықша көзге түсіп отыр: адам құқығы, билікті орталықсыздандыру және жергілікті демократия мәселесінде. Бұл сұрақтар тәуелсіз Қазақстан үшін де өзектілігін жойған емес. Бірқатары биылғы 5 маусымда өткен республикалық референдумда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар түрінде өмірімізге енді.**



өршітіп, Негізгі заңның құндылығын кемітуде.

**ФЕЙК-АҚПАРАТ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ  
НИГИЛИЗМНІҢ КӨЗІНЕ  
АЙНАЛДЫ**

Жыл сайын Конституция күніне орай, әлеуметтік желіде Негізгі заңымызға 1100 рет өзгерістер мен толықтырулар енді дейтін жалған ақпа-

# Екінші республика және конституциялық даму

**ЕКІНШІ  
КОНСТИТУЦИЯ –  
ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА**

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері 1993 және 1995 жылдары екі рет Конституция қабылдады. Бүгінгі таңда қолданыстағы екінші Конституцияға алты рет өзгерістер мен толықтырулар еніп, жалпы саны 56 бапты қамтып отыр. 5 маусымда өткен республикалық референдумда ел дамуына қажетті конституциялық реформаны қабылдадық. Конституциялық сот, Жоғары аудиторлық палата, Сенаттың заң шығару процесінен ішінара шеттетілуі, қоғамда абырой-беделі бар азаматтардың өзін-өзі ұсыну арқылы Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарда депутат болу мүмкіндігі, өлім жазасының басыбүтін алынып тасталуы, Президенттің тек облыс деңгейінде, онда да шектелген форматта ғана ықпалының қалуы – тұтастай алғанда жағымды өзгерістер ретінде бағасын алуда. Бұл Екінші республика жағдайындағы тәуелсіз мемлекетіміздің құқықтық тынысын кеңейтіп, елдің саяси дамуына жаңа леп әкеліп отыр. Жылдың соңына дейін екі конституциялық заң, 20-дан астам жай заңдар қабылдау жоспары тұр. Университетіміздің ғалымдары, атап айтқар болсақ: Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы – А.Ибраева, Д.Баймаханова және Қ.Дәуіт-әлиевтің қатысуымен «Конституциялық сот туралы» және «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» конституциялық заңдардың жобасы әзірленуде.



Екінші республиканың шешуі тиіс мәселе жеткілікті. Солардың бастысы – билікті орталықсыздандыру сұрағы. Бұл мақсат бастапқыда президент Қ.Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында қолға алынып, ауылдық округ әкімдерін сайлау түрінде іске аса бастады. Осы күні 700-ге жуық ауылдық округ әкімі сайланды, жылдың соңына дейін тағы 300-дей әкім сайланбақ. Бір жыл ішінде ауылдық әкімдер корпусының 60 пайызға жуығы сайланбалы жолмен жаңарды.

2024 жылдан бастап келесі деңгей – аудан әкімдерін сайлау науқаны басталады. Ал

облыс әкіміне қатысты орталықсыздандыру сұрағын Конституцияға енген соңғы өзгерістер оңынан шешіп берді. Оған сәйкес, облыс әкімі бұрынғыдай президент бұйрығымен тағайындала салмайды, керісінше, альтернативті негізде кемінде екі үміткер ұсынумен шектеледі. Қай үміткердің әкім болуын өңір депутаттары – облыстық және аудандық мәслихаттар дауыс беру арқылы шешеді. Жергілікті атқарушы биліктің корпусын сайланбалы етумен мәселе шешіліп кетеді деуден аулақпыз. Алда ауылдық округ әкімдерінің аудан әкімінен, соңғысының өз кезегінде облыс әкімінен тәуелсіз болуын, әр деңгейдің қаржылық-бюджеттік дербестігін бекемдейтін нормаларды қабылдау мәселесі бой көрсетеді. Сондай-ақ әкімдер сайлауы дйттеген демократиялық мақсатқа жету үшін сайлау туралы, жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

**ӨЗГЕРІС МӘНІ – ДАМУ**

Жаңа Қазақстанда билік институттарының легитимді болуы маңызды. Өйткені тағайындалған шенеунік пен іріктелген депутаттың карьералық мүддесі Президент Қ.Тоқаев айтатын «халық үнімен» тоқайласа бермейтінін көрсетті. Сондықтан сайлау және саяси партиялар туралы заңдарға көппартиялық жүйенің дамуына негіз болатын, имитациялық демократиядан ада өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі туындап отыр; халықпен күнделікті байланысқа түсетін барлық саяси мемлекеттік қызметкердің тікелей немесе жанама сайлануы жолға қойылуда; шенге табынушылық пен бюрократияны әлсірету үшін мемлекеттік қызметтің қазіргі карьералық

рат тарап жатады. Шын мәнінде қолданыстағы Конституцияға, жоғарыда айтып өткеніміздей, бас-аяғы алты рет (1100 емес!) өзгерістер мен толықтырулар енді. Атап айтар болсақ: 1998 жылы 7 қазанда – 19 бапқа, 2007 жылы 21 мамырда – 40 бапқа, 2011 жылы 2 ақпанда – 1 бапқа, 2017 жылы 10 наурызда – 25 бапқа, 2019 жылы 23 наурызда – 1 бапқа және 2022 жылы 5 маусымда 33 бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер мен толықтырулар жалпы саны 119 бапқа қатысты көрінгенімен, кейбір баптардың бірнеше мәрте өзгеріске ұшырауы себепті нақты саны 56 баптан аспайды.

**ҚҰҚЫҚҚА СЕНІМ  
МӘДЕНИЕТІ**

Конституцияны бас ұрып емес, ақылмен сеніп құрметтеу маңызды. Мұндай құқықтық мәдениетті заң ғылымында «конституционализм режимі» деп атау қалыптасқан. Оксфорд сөздігіне жүгінер болсақ, конституционализм деп – Негізгі заң туралы қоғамда қалыптасқан жағымды көңіл күйді атайды. Бір қарағанда субъективті түсінік болып көрінгенімен, бұл ендігі мәдениетке айналып үлгерген құқықты білдіреді. Яғни заңды жатқа соғып, қалтырап, әр басқан аяғыңды санап отыру емес, парасатпайым деңгейінде қимыл-қозғалысыңның құқыққа сай немесе сай емес екенін оймен жобалап, еркін өмір сүру мүмкіндігі. Өзіңнің арың мен қоғамның алдында ашық болу ұстанымы.

Ендігі кезекте мұның лайықты ғылыми бағасы беріліп, құқықтық саясатымызды қалыптастыруда, реформалар жасауда ескеруге тиіспіз. Осы күні бұқара халықтың билікке деген сенімі қызу талқыға түсіп отырған тақырыптың бірі. Шын мәнінде халықтың билікке деген сенімін күшейту өзі тұрған бетте бірінші қатардағы мәселе емес. Басты мәселе – биліктің қайнар көзі болып отырған бұқара халық та, халықтың өкілі болып отырған билік органдары да тегістей Конституцияда бекітілген құндылықтар мен принциптерге шынайы сеніп, құрметтеуі тиіс.

**Қазыбек ДӘУІТӘЛИЕВ,**  
заң факультетінің аға оқытушысы, з.ғ.к.

## Конституция – өркениетті дамудың құқықтық тірегі

1995 жылы 30 тамызда ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы Ата Заңын қабылдап, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алды. Бұл – тұрақты саяси дамуды, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономиканы қалыптастыруды ұстанған өркениетті Қазақстан мемлекетін қалыптастырудың маңызды кезеңі. Конституция бүкіл халықтың игілігінде өркениетті мемлекетті құрудың күрделі және ұзақ процесінің нәтижесі болып табылады, оның барысында қоғамдағы негізгі саяси күштердің мүдделерін ескере отырып, мемлекеттің қоғам мен жеке тұлғалардың өміріне араласуын шектеу мәселелері бойынша, мемлекеттік билікті ұйымдастыру және жүзеге асыру нысандары бойынша, жеке құқықтар мен бостандықтардың басымдығы мәселелері бойынша ымыраға қол жеткізілді. Қазақстанның біртұтас халқының тікелей ерік білдіруімен дүниеге келген бұл тарихи акт республикамызды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, адамның конституциялық құқықтық жүйеде алатын орнын нақтылап берді. Осылайша Қазақстан халқы 1995 жылы 30 тамызда тиісті Конституцияны қабылдай отырып, өзінің мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатынын жариялады, өзінің егемен құқығын жүзеге асырды.

Республикалық референдумда көпұлттық құрамды халықпен бірауыздан қабылданған бұл Конституцияның мемлекет өмірінде алатын орны зор. Ол мемлекеттің негізгі заңы ретінде бүкіл құқықтық жүйенің фундаменти, ядросы әрі оның дамуының қайнар көзі болды. Оның негізінде экономиканы, саяси, әлеуметтік саланы реттеуге арналған қолданымдағы және болашақ заңнама қалыптасып, дамыды. Басқаша айтқанда, орасан зор әлеуетке ие Конституция мемлекеттік тетіктің, қоғамның барлық салаларының қызметін реттеуге және қамтамасыз етуге бағытталған тұтастай құқықтық жүйенің қалыптасуының берік және тұрақты тірегі болды.

1995 жылғы Конституция республикамыздың басқару нысаны мен мемлекеттік құрылым нысанын анықтай отырып мемлекеттік тетіктің, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйенің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің негіз қалаушы қағидаларын бекітті, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, республикамыздың қоғамдық, саяси жүйесі үшін жаңа болып табылатын демократиялық институттарды құрды. Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалыптастырудың, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен іске асырудың, мемлекетімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді, татулықты орнықтырудың негізгі алғышарты болып табылады.

Биыл Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясының қабылданғанына 27 жыл толады. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда 27 жыл көп уақыт емес. Осы уақыт аралығында Ата Заңымыз уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өзінің заман талабына лайықты екенін дәлелдеді. Жиырма жеті жыл ішінде Қазақстан Конституциясы мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің қарқынды дамуының, мемлекеттің саяси және қоғамдық құрылысының тұрақты орнығуының басты құқықтық кепіліне айналды. Республика Конституциясын жасап болса нақты даму бағытын ұстанған тәуелсіз, егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан акт болды деп айтуға болады.

**Айгерім ЖАРБОЛОВА,**  
заң факультетінің аға оқытушысы, з.ғ.к.



# Наш профессор из Парижа

**Инновационный потенциал казахстанской экономики можно повысить только через построение эффективной научно-инновационной системы, основой которой будут мощные исследовательские университеты и инновационные кластеры. Развивая данную стратегическую концепцию, глава государства К.К.Токаев поставил цель формирования науки и образования в качестве отдельных отраслей экономики. Научные школы КазНУ известны далеко за пределами страны. Дальнейшая интеграция в международное научное сообщество и интернационализация НИД являются одним из приоритетов развития университета. Развивается научная база университета, привлекаются зарубежные ученые, а также используются результаты прорывных исследований и технологий, проводятся работы по анализу достижений ученых университета на мировом уровне. Один из приглашенных ученых В КазНУ имени Аль-Фараби Мурат Калиевич Сапарбаев – профессор-международник кафедры молекулярной биологии и генетики парижского института имени Густава Рози.**



Трудовая деятельность Мурата Калиевича началась после магистратуры – с 1984 г. по 1992 г. работал младшим научным сотрудником, научным сотрудником лаборатории молекулярных механизмов мутагенеза в Институте цитологии и генетики Сибирской академии наук (Новосибирск, Россия) в лаборатории молекулярных механизмов мутагенеза. Тема кандидатской диссертации: «Молекулярные механизмы K-12 плазмидной рекомбинации Escherichia coli мутагенами». В 1992 г. получил научную степень Доктора наук в биологии (группа ДНК репарации (Dr. J. Laval), Институт Густава Рози, Франция).

занимал должность заведующего лабораторией репарации ДНК, директора исследовательского подразделения Национального Центра Научных Исследований Институт Густава Рози (Франция). С 2010 г. по настоящее время является руководителем группы репарации ДНК (UMR 8200 CNRS) Института Густава Рози (Франция).

Основной исследовательский интерес Сапарбаева М.К. фокусируется в области репарации ДНК и мутагенез, особенно в различных аспектах ферментативной репарации окислительных повреждений E. coli, дрожжах и клетках человека. Исследование молекулярных механизмов репарации:

- окисленных оснований образованных под воздействием эндогенного окислительного стресса и ионизирующей радиации, таких как формамидопиримидины (Фару-остатки, 8-оксогуанин, окисленные пиримидины альфа аномерные нуклеотиды;

- экзоциклические ДНК аддукты которые образованы в результате перекисного окисления липидов и действия химических канцерогенов.

- поиск и определение нового альтернативного пути инсизивной репарации окислительных повреждений в ДНК клеток человека.

Мурат Сапарбаев является членом Американского общества биохимии и молекулярной биологии, а также Французского общества генетической токсикологии.

Сапарбаев М.К. награжден в 1985 г. Золотой медалью Академии наук Казахской Республики по биологии (г. Алма-Ата) за дипломную работу: «Разработка нового метода сайт-направленного мутагенеза» (научный руководитель – д.б.н., профессор Шигаева М.Х.). В 2014 г. награжден премией Prime d'Excellence Scientifique от Национального центра научных исследований, CNRS (Франция).

Сапарбаевым М.К. опубликовано более 100 публикаций в высокорейтинговых журналах, входящих в базы Scopus и Web of Science, таких как International Journal of Molecular Sciences (Q1), Journal of Biological Chemistry (Q1), Oncogene (Q1), Molecular BioSystems (Q1), Nucleic Acids Research (Q1), DNA Repair (Q2), Biochimie (Q2), Cells (Q3), Frontiers in Cell and Developmental Biology (Q3). У Сапарбаева М.К. более 3500 цитирований его статей, индекс Хирша составляет 32.

Сапарбаев М.К. на протяжении ряда лет является зарубежным консультантом докторантов кафедры молекулярной биологии и генетики факультета биологии и биотехнологии КазНУ им. Аль-Фараби. В различные года под его руководством подготовили PhD-диссертации 5 докторантов.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

# Развитие корееведения в Казахстане

**Корееведение на сегодняшний день относительно молодая наука по сравнению с другими гуманитарными дисциплинами в Казахстане. Ученые исходили из того, что важную роль в выработке корейской политики Казахстану, в осуществлении её широкого и активного сотрудничества с Республикой Корея и КНДР должны играть также и общественные науки, призванные способствовать взаимопониманию и сближению народов.**

сивно началось после распада Союза ССР. Нельзя сказать, что в этом направлении не проводились никакой научной работы, исследовательские работы по отдельным проблемам корейцев изучались, но такого интенсивного, масштабного характера, как сейчас, не носила. Несмотря на строгую цензуру, учёные обществоведы находили себе мужество изучать собственную историю и судьбу своего народа. В своих монографиях, очерках, статьях они освещали нелёгкую судьбу и историю корейцев Советского Союза. После распада СССР эту тему начали исследовать по различным направлениям (истории, политологии, философии, филологии и др.) учёные Казахстана Кан Г.В., Ким Г.Н., Ким И.Ф., Ким О.Г., Копжасарова Ж.У., Тен А.Н., Пак-Ир П.А., Пак Н.С., Сатыбалдин С.С., Хан Г.Б., Мен Д.В. и другие. Ими уже опубликованы несколько десятков книг и монографии по проблемам корейцев Казахстана и Кореи.

Подготовка кадров по корееведению в основном начались в Казахстане после приобретения независимости. Уже в начале 90-х годов прошлого столетия открылись корейские отделения в городе Алматы в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби, Казахском национальном педагогическом университете им. Абая и Казахском университете мировых языков и международных отношений им. Аблай-хана, затем корейские



отделения были открыты в областных центрах, где компактно проживают этнические корейцы. Такие корейские отделения успешно функционируют в университетах Кызылорды и Талдыкоргана.

В настоящее время КазНУ им. Аль-Фараби и Казахский университет мировых языков и международных отношений им. Аблай-хана являются основными базами, где в республике готовят специалистов по корееведению. Некоторая часть корееведов также пополняются выпускниками университетов Усть-Каменогорска, Тараза, Чимкента и Караганды. Обучающиеся студенты в этих университетах получают необходимую языковую подготовку, изучают историю, географию, экономику, культуру Кореи, а также историю корейцев Казахстана и СНГ, приобщаются к её

полной и беднее. В начале 90-х годов XX века профессора из Пхеньяна по договору между министерствами образования Казахстана и КНДР, преподавали корейский язык в КазНУ им. Аль-Фараби и КазНПУ им. Абая. Это был творческий союз преподавателей Казахстана, Республики Корея и КНДР. Студенты высоко отзывались о методе преподавания корейского языка специалистов из Северной Кореи. Профессора из Пхеньяна принесли свои учебные пособия, а также специфический северный диалект, который не был знаком местным корейцам. В середине 90-х годов по договорной системе все преподаватели из КНДР были отозваны на Родину.

Таким образом можно сказать, что казахстанское корееведение прошла сложный путь, хотя очень молодая. Зародившись в начале 90-х годов XX века, оно сформировалось как самостоятельная отрасль востоковедческой науки. Можно утверждать, что в Казахстане к настоящему времени состоялась наука корееведения, без всякого преувеличения можно сказать оно необходима исследователям, занимающиеся проблемами национальных и международных отношений.

Дмитрий МЕН,  
доктор политических наук,  
профессор кафедры  
Дальнего Востока

В наиболее важной из задач казахстанского корееведения входит изучение наследия по корееведению, созданными советскими и российскими учёными, критическое переосмысление за минувшие десятилетия. Работа в этом направлении ведётся и положено её начало, а основные усилия ещё впереди. Разумеется, речь не идёт о бездумном отбрасывании прежних взглядов и оценок, пересмотреть в угоду каким-то политическим симпатиям или антипатиям, а о серьёзном анализе на принципиальной основе, в свете новых достоверных сведений и новых возможностей науки.

Исследование корейской проблемы в Казахстане интен-

современным проблемам. Это даёт им возможность достойно проявить себя затем в связанных с Кореей в различных государственных учреждениях и общественных организациях – в бизнесе, науке, на преподавательской работе и т.д. Кадры высшей квалификации обучаются в магистратуре и докторантуре, имеющейся при каждом университете Алматы, где имеются корейские отделения. Отрадно отметить, что в последние годы, особенно в связи с активизацией отношений Казахстана с Республикой Корея, растёт число молодёжи, желающие изучать корейский язык и посвятить ей свою дальнейшую карьеру.

Но, к сожалению, корееведы Казахстана интенсивно сотрудничают только с одной Кореей – Республикой Корея, тем самым корееведение становится не



## ҚазҰУ – дарынды студенттер ордасы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттер, магистранттар мен докторанттардың жан-жақты дамуы үшін, көшбасшылық қабілеті қалыптастыру мақсатында бар жағдай жасалған. Ал студенттер қалашығын ғажайып әлем десе де берді.**



Яғни грант ұту мүмкіндігіне ие бола аласыз. ҚазҰУ-ды таңдап, оқуға түскен биылғы 1-курс студенттеріне сәттілік тілеймін!

Қазіргі технология дамыған заманда ҚазҰУ студенттері үшін тегін Wi-Fi желісіне қосылуға мүмкіндік бар. Университет көптеген елдермен серіктес, арнайы бітіруші тұлғалар оқуын аяқтаған соң, білім сапасын арттыру мақсатында шетел оқу орда-тарына таңдау жасай алады.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіретін, сыйластық пен шынайы достықтың мекені. Білім ордасы адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, оның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік береді.

**Аружан ӘДЛІБЕКҚЫЗЫ,**  
медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті

Ұйымдармен белсене жұмыс істей алады. «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы медициналық көмек көрсетуге дайын.

Егер сіз қазіргі таңда мектеп қабырғасында білім алып жүрген болсаңыз, Қазақ ұлттық университеті дарынды оқушыларға қолдау көрсету мақсатында 11-сынып оқушыларына арналған жыл сайынғы «Әл-Фараби» халықаралық олимпиадасын өткізеді.

Университетте сабақ үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Оқытушылар біздерге тек қана сапалы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар тәрбие де береді.

Мұнда студенттерге арналған көптеген ұйымдар бар. Яғни болашақ өмірге қадам басқан талапкерлер мен белсенді жастар сабақтан тыс кезде уақытын тиімді әрі қызықты өткізу мақсатында ерікті түрде



## Студенттердің ізденуіне бар жағдай жасалған

**ҚазҰУ ең алдымен мені ерқашан өзінің беделімен және кең аумағымен таңғалдырды. Мектепте оқып жүрген кездің өзінде-ақ сыныптастарыммен бірге осы университетте өтетін олимпиадаларға жиі келетінмін. Журналистика факультетінің аудиториясында конкурстық эсселер жазғаным және үлкен кітапханада өнер байқауына қатысқаным есімде. Сол олимпиадалардың нәтижесінде осы жерде оқу үшін жеңілдікке ие болдым. Солай бола тұрса да, мен бұл білім ордасының грант иегері атанып, қуанышым еселене түсті.**

Бірінші курс кезімізде сабақ онлайн форматта өтті. Біз университетке бармадық және курстармен кездеспедік. Бірақ онлайн оқу өте қызықты болды. Сол кезде онлайн форматқа үйреніп алдық. Оның көптеген кемшіліктері де, сонымен бірге артықшылықтары да бар. Себебі бұл жаңа және ерекше нәрсе болды. Дегенмен студенттік өмірді сезінгім, кампусты аралап, группаластарыммен сөйлесіп, аудиторияда отырып келетін. Оқытудың өзі өте ыңғайлы болды, өйткені ҚазҰУ-дың «Универ» деп аталатын өзіндік жүйе-

сі бар. Бірақ бұл жүйені дизайн тұрғысынан да, практикалық жағынан да жаңғырту қажет екені белгілі. Сондықтан, менің ойымша, оны түбегейлі өзгерту керек, дәлірек айтқанда, дизайнды жаңарту және тұрақтылықпен жұмыс істеу. Әрине, бұл көп уақыт пен ақшаны қажет ететінін түсінемін, бірақ, менің ойымша, бұл тұрарлық дүние.

Бірінші курста оқыту онлайн болғанына қарамастан, мен студенттік емхана қызметін бірнеше рет қолдандым, жатақханаларды көрдім, баспада тәжірибеден өттім, Әскери

кафедраға түстім, кітапханада және журналистика факультетінде бірнеше рет болдым. Қазір қалыпты сабақ үрдісі бойынша білім алуды жалғастыруға мүмкіндік туды. Өз қатар-құрбыларыммен бірге студенттер қалашығындағы мүмкіндіктерді барынша пайдаланып келеміз. Студенттер кампусы көз тартарлықтай әдемілігімен қатар, жастардың білім алуына, ізденуіне барынша жағдай жасалған. Сондықтан ҚазҰУ – мен үшін өте ыстық мекен.

**Әділет СҮЙЕУБЕК**



## Қазақ тілінің дамуына үлесімді қосамын

**Әрбір адамның алдында ең негізгі шешімдердің бірі – оқу орнын таңдау мәселесі тұрады. Себебі білімі, студенттік өмірі – бәрі дәл сол оқу орнына байланысты. Ал менің таңдауым арманымдағы білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болды.**



оқу орындарымен бірлескен халықаралық оқу бағдарламаларын жүзеге асырып, студенттер алмасу және тағылымдамалар өткізеді. Сонымен қатар әлемнің ең үздік деген 150 жоғары оқу орнының тізіміне енді. Бұл жаңалық университет студенттері үшін үлкен қуаныш. Білім жағынан және оқытушылардың біліктілігі, студенттік өмірдің өте керемет әрі қызықты өтетініне сенімді болғандықтан, осы оқу орнын таңдадым.

Алдағы уақытта өзім де университет абыройын барынша көтеруге атсалысқым келеді. Әлем мойындайтын Гарвард, Оксфорд секілді университеттердің қатарында тұратындай еңбек етсем деймін.

**Рамазан ТАҒАТОВ,**  
филология факультетінің 2-курс студенті

өз үлесімді қосқым келеді. Университет тынысына толыққанды сіңісе қоймасам да, ол маған ерқашан ыстық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биыл ғылыми-зерттеу университеті мәртебесіне ие болды. Демек, бұл келер жылдары елімізге пайда-сын тигізер ғалымдардың көбеюіне үлес қосады деген сөз. Менің университетім әлемнің 500-ге жуық ірі халықаралық жоғары

мен армандаған университетіме еш ойланбастан құжат тапсырдым. Университетте 2000-нан астам профессор, доктор, ғылым кандидаттары мен философия докторлары қызмет атқарады. Он алты факультеттің ішінде филология факультетінің «Қазақ филологиясы» мамандығына тоқталдым. Бүгінде аталмыш факультеттің 2-курсына аяқ бастым.

Қазақ тілінің дамуына



## Арманым да, таңдауым да – ҚазҰУ

**Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап білімге ден қойдым. Сол кездері жоғары оқу орнында білім алу арманым еді.**



Әлі есімде, анамның аузынан ҚазҰУ түспейтін. «Біздің заманымызда тек білімділер ғана оқыған, маған арман болған білім ордасы» деп тамсанатын, мақтайтын. Бірақ мені ҚазҰУ-ға ғашық еткен бұл емес.

11-сыныпта оқып жүргенімде ұстазым табыстаған кітапқа таласа жармастық. Бұл Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым» атты роман-эссесі еді. Ішімнен «Роман-

эссе деген қалай?» деп қызыға парақтай бастадым. Бұл кітап мені нағыз Әуезовпен ғана емес, керемет білім ордасы – ҚазҰУ-ға одан әрі ғашық етті. Зейнолла Қабдоловтың өзге жоғары оқу орнынан ҚазҰУ-ға ауысуы оны үлкен жетістікке жетеледі. Әуезовтей ұстаздың дәрісін тыңдап, тіпті қолынан қымыз ішіп, нағыз іні-шәкіртіне айналуына да білім

ордасының қосқан үлесі көп.

Иә, менің арманым ең үздік туындының авторы жүрген дәлізбен жүріп, білім берген ордада оқу еді. Сондай-ақ менің ғана емес, атаулы білім ордасына түсуге асыққаншама студенттің бар екені белгілі. Бүгінгі таңда осы оқу ордасында 26 мыңға жуық жастар білім алуда. Арманым шындыққа айналды. Әлемдік рейтингте тұрған, ауқымы бойынша ең үлкен білім ордасында бүгінде мен де білім алу-дамын. Оңға жуық ұйым, үлкен кітапхана, әсем саябақ – бәрі дәл осы ҚазҰУ-да орналасқан. Бұл ҚазҰУ-ға деген махаббатымды одан әрі арттыра түседі.

**Аяулым ҚОРҒАНБАЙ**



## Дінмұхамед Қонаевқа құрмет көрсетілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.




қоғам өкілдері қайраткер туғаның ел алдындағы еңбегі мен өнегелі істерін тебірене еске алды. Гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін жиналғандар Дінмұхамед Ахметұлы 1969-93 жылдар аралығында тұрған мемориалдық пәтер-мұражайына барды. Бұл үйде Дінмұхамед Ахметұлының жеке кітапханасы, пайдаланған тұрмыстық заттары, мемлекет қайраткерлері жасаған сыйлықтар сақталған. Сонымен қатар мұражайда Дінмұхамед Қонаевтың өзі жазған кітаптары мен ол туралы жарық көрген еңбектер қойылған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

дiгiнiң өкiлдерi, мемлекет және қоғам қайраткерлерi, қала тұрғындары, Д.Қонаевтың замандастары мен туыстары, студент жастар мен мектеп оқушылары қатысты.

Мінбеге шығып сөз алған

Биыл – Дінмұхамед Ахметұлының қайтыс болғанына 29 жыл. Осыған орай, жұртшылық Дінмұхамед Қонаевтың рухын ұлықтап, Алматыдағы ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Шараға Алматы қаласы әкім-



Қырғыз Республикасы, Бостери поселкесінде орналасқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі спорт-сауықтыру лагерінде «Түркі руханиятының әлемдік өркениетке ықпалы» атты халықаралық жазғы ғылыми семинары өтті. Ұйымдастырушы – филология факультетінің Түркітану және тіл теориясы кафедрасы.

## Ыстықкөлдегі жаздық семинар өз мәресіне жетті



ралы көптеген мәліметтермен бөлісті.

Жазғы ғылыми семинардың ашылуымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылым және инновациялық істер жөніндегі департаментінің директоры Еркін Хамитұлы құттықтап, семинар жұмысына сәттілік тіледі.

Пленарлық отырыста шығыстану факультетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Нұржамал Алдабек «Ұлы Жібек жолы және түркі-қытай мәдениетінің өзара ықпалдасуы», география факультетінің профессоры, экономика ғылымының докторы Ләззат Спанқұлова «Үйдегі қарым-қатынас тілі және сақтандыру нарығы», Халықаралық Тараз

инновациялық институтының профессоры, филология ғылымының кандидаты Әзиза Қарыбаева «Түркі тілдерінің (қазақ, қарақалпақ, өзбек) терминологиясындағы ерекшеліктер» тақырыбында баяндама жасады.

Семинардың келесі күнгі шарасы гүлге оранған әсем табиғат аясында жалғасын тапты. Ыстықкөлде өткен үш күндік семинар, ғылыми баяндамалар, оқылған өлеңдер, шырқалған әндер мен билер әдемі естеліктерге толы болды. Қатысушыларға сертификаттар табысталып, естелікке суретке түсті.

**Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,**  
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Жаздық семинардың алғы сөзінде Раушангүл Авакова: «Кез келген ұлттың мәдениеті, тарихы болуы мүмкін, бірақ кез келген халық, кез келген этнос өзінің төл жазуын қалыптастыра алған жоқ. Себебі тілдің, этностың санымен салыстырғанда жазуы бар халықтың саны өте аз. Сондай үлкен жазу мәдениеті болған өркениеттердің бірі – «Түркі әлемі». Егер біздің жазба мұрамыз V-VI ғасырлардан басталады десек, оған Орхон-Енисей өзендерінің бойынан табылған жазулар дәлел. Бұл түптеп келгенде «Түркі әлемі» деген түсінікке алып келеді. Сол жазудың ұрпағы – біз. Қазіргі жаһандану заманында түркі әлемімен алыс-берісті нығайтуға күш салудамыз, соның бірі бүгінгі өткізіп отырған шарамыз», – дей келе, түркі руханияты ту-



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,  
«QAZAQ UNIVERSITETI»  
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

### Біздің оқырман



**Владимир ВОРОНИН,**

Әскери кафедраның тәрбие және идеологиялық жұмыс циклінің басышысы, подполковник

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.